ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қазан №5265-23-00-2/2398 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік комуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Назигул» Жабықбай Назигүл

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 21 шілде №38 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Калдиева Л. Н., 22.11.2023
5265-23-3-1/2679

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 19 күнге есептелген 1 349 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (71 000*0,1%*19).

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 40,47 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» Шаруашылық жүргізу Құқығындағы мемлекеттік комуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Назигул» Жабықбай Назигүл мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Назигул» Жабықбай Назигүлден талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» Шаруашылық жүргізу Құқығындағы мемлекеттік комуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 349 (бір мың үш жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық, 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Назигул» Жабықбай Назигүлден мемлекеттің пайдасына 40,47 (қырық) теңге 47 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Калдиева Л. Н., 22.11.2023
5265-23-3-1/2679

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Калдиева Л. Н., 22.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-23-3-1/2679